

БЕКІТЕМІН
Жамбыл жоғары медициналық
колледж директоры
Ж.Н.Сарыбекова
«17» желтоқсан 2008ж.



«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

1. Жалпы ережелер

1. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат). «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының аталған ережелері мүмкін болатын сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мыналар бойынша «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК лауазымдық тұлғаларының құзіреті аясындағы қызметі:
 - 1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сонын ішінде сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес)
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК -ның барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- 3) «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7 «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынандай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Төмендегілер арқылы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылығын қалыптастыру:

- Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ҚР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;
- «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлеріне «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-да және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;
- «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу;

2) «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қою;

3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындаған кезде немесе оған сыйақы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуге тиіс.;

4) «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алаяқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК -ның қызметінің негізгі бағыттары:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК бірінғай саясатын жүргізу;
- Мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК өзара іс-қимыл механизмін құру;
- «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша қатысуға тартуға, олардың ойын сыбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз қозқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
- Қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз ету болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеуге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты білетін «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлері «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туарлы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық соңына жеткізіледі.

5. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлері:

- 1) мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 2) мүдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта дереу өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндетті;

12. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіпте қызметтік міндеттерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылады.